

Қостанай облысында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 15 шілдедегі № 210 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 16 шілдеде № 39307 болып тіркелді

"Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 47-бабының 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Қостанай облысында құқық бұзушылықтардың профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидалары бекітілсін.

2. "Қостанай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 573 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8213 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай облысы әкімдігінің
2026 жылғы 15 шілдедегі № 210
қаулысымен бекітілген

Қостанай облысында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысында құқық бұзушылықтардың профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі –

Заң) 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 47-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және Қостанай облысында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеудің тәртібін, түрлерін, мерзімдерін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қоғамдық көмекші – құқық бұзушылық профилактикасы субъектілеріне ерікті түрде жәрдем көрсету арқылы құқық бұзушылық профилактикасына және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азамат;

2) құқық бұзушылық профилактикасы – құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және нығайтуға бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және өзге де шаралар кешені;

3) уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген жергілікті атқарушы орган (соның ішінде аудан, қала әкімдігі), құқық қорғау органы және өзге де мемлекеттік орган.

2-тарау. Қостанай облысында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын қоғамдық көмекшілерді, азаматтарды көтермелеудің тәртібі, түрлері мен мерзімдері, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері

3. Қоғамдық көмекшілерді көтермелеу мәселелерін мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша аудан, қала әкімінің аппараты жанынан құрылған құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарастырады.

Комиссия, егер олар тиісті аумақта құқық бұзушылықтың алдын алуға, жолын кесуге немесе оны ашуға тікелей ықпал еткен болса, облыс аумағында қоғамдық көмекші ретінде тіркелмеген азаматтарды да көтермелеуге құқылы.

4. Комиссияның құрамы және оның Ережесі облыстың тиісті ауданы, қаласы әкімінің өкімімен бекітіледі. Комиссия мәслихатының депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік, құқық қорғау органдарының, жұртшылықтың өкілдері және Комиссия хатшысынан құрылады. Комиссия құрамы кемінде бес адамнан тұруы тиіс. Комиссияны ауданың, қаланың әкімі (Комиссия төрағасы), ал ол болмаған жағдайда – ауданның, қаланың әкімінің орынбасары (Комиссия төрағасының орынбасары) басқарады. Комиссия хатшысы қала, аудан әкімі аппаратының штаттық қызметкері болып табылады және оның дауыс беру құқығы болмайды.

5. Мемлекеттік органдар Комиссияға қоғамдық көмекшілерді, құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды олардың

құқық бұзушылық профилактикасына қатысуын растайтын материалдарды қоса бере отырып жібереді.

6. Ұсынымдарды Комиссия олар түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарауға тиіс. Қосымша материалдарды талап ету немесе ұсынылған мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда, Комиссия төрағасы қарау мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспауы тиіс, бұл туралы ұсыным бастамашысына хабарланады.

7. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай және мемлекеттік органдардың ұсынымдары түскен кезде өткізіледі. Қоғамдық көмекшілерді, құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу үшін Комиссия қабылдаған хаттамалық шешім негіз болып табылады. Осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Комиссия отырысының хаттамасы ол қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде одан әрі іске асыру үшін тиісті уәкілетті органға жіберіледі.

8. Құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын қоғамдық көмекшілерді, азаматтарды көтермелеу түрлері (шаралары) мыналар:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен наградтау;
- 3) ақшалай сыйақы төлеу;
- 4) білім беру және біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқуға жіберу;
- 5) ұйымдарға, кәсіпорындарға көтермелеу туралы ұсынымдарды жіберу;
- 6) құқық бұзушылық профилактикасына елеулі үлес қосқан адамдарды мемлекеттік наградамен марапаттау және оларға құрметті атақ беру туралы ұсыныстар енгізу.

Жергілікті атқарушы органдар құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеудің өзге де шараларын қолдануға құқылы.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісінің фото- және бейнежазбасын қоса бере отырып уәкілетті органдарға хабарлама жіберген азаматтар құқық бұзушыдан өндіріп алынған айыппұл сомасынан ақшалай сыйақымен көтермеленуі мүмкін. Азамат сыйақы алушы ретінде Қазақстан Республикасында тіркелген қайырымдылық ұйымын көрсетуге құқылы.

Анонимді хабарламалар ақшалай сыйақымен көтермелеуге негіз болып табылмайды.

Көтермелеуді алу үшін азамат уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

10. Уәкілетті орган азаматтардан түскен өтініштерді әкімшілік құқық бұзушылықтың көрсетілген фактісін растау тұрғысынан қарастырады және ақпараттың бастапқы дереккөзін тексереді (азаматтың хабарламасы түскен сәтте құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен (камералармен) және аспаптармен тіркелмеген не уәкілетті лауазымды

тұлғалармен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен немесе өзге де үшінші тұлғалармен анықталмаған болуы тиіс).

Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі расталғаннан, іс бойынша қаулы заңды күшіне енгеннен және әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұлды толық төлегеннен кейін, көтермелеуді төлеу үшін қажетті бюджет қаражаты болған жағдайда, уәкілетті орган ұсыным қалыптастырады және айына бір рет Комиссияға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген негіз бойынша көтермелеуден үміткер азаматтардың тізімі бар ұсынымды жібереді.

Мұндай азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымдарды Комиссия осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген мерзімде қарауға тиіс.

Комиссия уәкілетті органдардың ұсынымдары негізінде азаматтарды құқық бұзушыдан өндіріліп алынған айыппұл сомасынан ақшалай сыйақымен көтермелеуді ұсыну немесе ұсынбау туралы хаттамалық шешім шығарады.

Комиссияның хаттамалық шешімін ескере отырып, жергілікті атқарушы орган тиісті шешім (қаулы) шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеу және оларға ақшалай қаражат төлеу үшін жергілікті атқарушы органның шешімі негіз болып табылады.

11. Комиссия көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақының мөлшерін қоғамдық көмекшінің, азаматтың құқық бұзушылық профилактикасына және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан жеке үлесін ескере отырып, белгілейді.

Ақшалай сыйақы төлеу 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

Көтермелеу мөлшерін айқындау кезінде Комиссия шешім шығарған сәтте қолданыста болатын АЕК қолданылады.

12. Құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын қоғамдық көмекшілер мен азаматтарға ақшалай сыйақы төлеуді уәкілетті органдар тиісті қорытынды актіге (сәйкесінше Комиссия хаттамасына немесе жергілікті атқарушы органның шешіміне) қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, азаматтардың ағымдағы банктік шоттарына (немесе олар көрсеткен қайырымдылық ұйымдарына) ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы төлеу көтермелеуге ұсыным енгізген, жергілікті бюджетте осы мақсаттарға көзделген уәкілетті органдардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

Қостанай облысында құқық
бұзушылық профилактикасына
қатысатын азаматтарды көтермелеу
қағидаларының
1-қосымшасы

_____ (уәкілетті органның атауы)

Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлағаны үшін көтермелеу алуға

ӨТІНІШ

Азаматтан (азаматшадан) _____

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Туған күні: _____ жылғы "____" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Сериясы: _____ нөмірі: _____

Кім берді: _____, берілген күні: "____" _____ жыл.

Нақты тұратын / тіркелген мекенжайы (керек емесін сызып тастаңыз):

Облыс (қала) _____ (аудан) _____

Көше (шағын аудан) _____ үй _____ пәтер _____

Осы өтінішпен "____" _____ 20____ жылы сағат "____" мин. "____"-де менің тарапымнан әкімшілік құқық бұзушылық фактісі тіркелгенін хабарлаймын, ол мынадан көрініс тапты: _____

_____ (құқық бұзушылықтың мәнін, орны мен мән-жайларын қысқаша көрсету)

Аталған хабарлама фото-, бейнетіркеу материалдарымен бірге менің тарапымнан уәкілетті органға: _____

_____ (уәкілетті органның атауын көрсету)

мына құрал арқылы жіберілді: _____

_____ (және жіберу арнасы: "Е-Өтініш" ақпараттық жүйесі, "102" мобильді қосымшасы, кезекші бөлім және т.б.)

Хабарлама жіберілген сәтте аталған әкімшілік құқық бұзушылық фактісі менің жүгінуіме дейін автоматты режимде жұмыс істейтін техникалық құралдармен (фото-және бейнетіркеу камераларымен) және аспаптармен немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен тіркелмегенін растаймын.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес маған көтермелеу тағайындау мәселесін қарауыңызды сұраймын.

Көтермелеуді төлеуді мына мекенжайға жүргізуді сұраймын (қажетті нұсканы [V] белгісімен белгілеңіз):

Менің ағымдағы банктік шотыма:

жиырма таңбалы шот нөмірі (IBAN): KZ _____

банкте (қаржы ұйымының атауы): _____

Қайырымдылық ұйымының шотына:

Ұйымның толық атауы: _____

Ұйымның БСН: _____, шот (IBAN) _____ KZ

банкте: _____

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

1. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

2. Ағымдағы банктік шоттың бар екендігі туралы анықтама (IBAN туралы хабарлама).

3. Фото-, бейнетіркеу материалдары (электрондық тасымалдағышта ұсынылған жағдайда).

Маған көрінеу жалған мәліметтер бергені үшін жауаптылық туралы ескертілді.

Құқық бұзушылық профилактикасына көрсетілген жәрдем үшін көтермелеуді тексеру, тағайындау және төлеу үшін қажетті менің дербес деректерімді "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

Ұялы телефон: _____ E-mail: _____

Өтініш берілген күн: " ____ " _____ 20 ____ жыл

Өтініш берушінің қолы: _____

Қостанай облысында құқық
бұзушылық профилактикасына
катысатын азаматтарды көтермелеу
қағидаларының
2-қосымшасы

Нысан

Мемлекеттік органның елтаңбалық бланкісінде

" ____ " _____ 20 ____ жылғы № _____ (уәкілетті
органның атауы)

Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеу туралы

ҰСЫНЫМ

"Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған және көтермелеу алуға өтініш жіберген азаматтардың тізімін Құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияның қарауына ұсынамыз:

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті орган азаматтардың аталған хабарламалары құқық бұзушылық анықтауға (ашуға) тікелей ықпал еткені және ақпараттың бастапқы дереккөзі деп танылғаны (бұрын бұл құқық бұзушылықтар автоматты түрде тіркейтін техникалық құралдармен немесе лауазымды тұлғалармен тіркелмегені) фактісін растады.

Осы ұсынымды жасау сәтінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаларға қатысты қаулылар заңды күшіне енді, салынған әкімшілік айыппұлдар толық көлемде төленді.

№	Азаматтың Т.А.Ә., ЖСН	Құқық бұзушылық туралы хабарламаның күні мен мәні	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нөмірі мен күні	Төленген айыппұл сомасы () төленген күні	Ұсыныла-тын көтермелеу мөлшері () АЕК-пен, 10 АЕК-тен аспайды)	Азаматтың ағымдағы банктік шоты (IBAN)/ қайырымдыл ық ұйымының атауы, БСН немесе шоты
---	--------------------------	---	---	--	--	--

Азаматтардың жіберген өтініштері және растаушы құжаттар қоса беріледі.

Басшы _____

_____ тегі, аты-жөнінің бас әріптері (қолы)

Ұсыным берілген күн: " ____ " _____ 20 ____ жыл